

Басқарма отырысында
2025 жылғы 10 қантарда
қабылданды
№ 1/1477 хаттама

ӨСАБ қолдауға және ӨСАБ талаптарын сақтауға бейілділікке қатысты «YMZ» АҚ мәлімдемесі

Халықаралық өндіруші салалардың ашықтығы бастамасының (бұдан әрі – ӨСАБ) негіз болатын құжаттарында белгіленген табиғи ресурстарды басқару туралы деректердің ашықтығы, қолжетімділігі және сапасы қағидаттарын сақтау мақсатында «Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «YMZ» АҚ) төмендегілер туралы мәлімдейді:

1. «YMZ» АҚ ӨСАБ және ӨСАБ қауымдастырының мұнай-газ және тау-кен секторларында ашықтықты қамтамасыз етудің халықаралық стандарты ретінде ӨСАБ қағидаттары мен ӨСАБ стандартын тарату жөніндегі мақсаттарын қолдайды.

2. «YMZ» АҚ өз қызметі туралы төмендегілерді қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, толық мәліметтерді ашуға үмтүлады:

2.1 мемлекет тарапына салықтар мен төлемдер туралы;

2.2 аудиторлар тексерген қаржылық есептілік туралы;

2.3 минералды ресурстарды барлау мен өндіруді реттейтін келісімшарттар мен лицензияларға қатысты;

2.4 акционерлер/бенефициарлар және еншілес компаниялар туралы.

3. Егер сұрау салу «YMZ» АҚ ақпаратын ашу қағидаларына және контрагенттермен шарттық қызмет шеңберінде қабылданған құпиялыштықты сақтау жөніндегі міндеттемелерге қайшы келмесе, «YMZ» АҚ алынған шикізаттың көлемі және ол үшін мүдделі тараптың жекелеген сұрау салуы бойынша жүргізілген төлемдер туралы ақпарат беруге ашық

4. «YMZ» АҚ «YMZ» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа редакциядағы бетпе-бет отырысымен бекітілген сыйбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі «YMZ» АҚ саясатын қатаң ұстанады, оның шеңберінде, басқалармен қатар, корпоративтік ашықтықтың жоғары стандарттарын қолдауға міндеттеме белгіленеді. «YMZ» АҚ Комплаенс-қызметі «YMZ» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген тиісті әдістеме негізінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалауды және мониторингтеуді, тиісінше тоқсандық және жылдық есептерді дайындауды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді. 2025 жылы «YMZ» АҚ менеджмент жүйелерін КР СТ ISO 37001:2017 талаптарына сәйкес келуіне сертификаттау бойынша іс-шаралар қатарын жүргізуі жоспарлады.

5. «YMZ» АҚ кәсіпорын қызметкерлерінің гендерлік өкілдігіне қатысты Еңбек кодексін және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерін сақтайды, сондай-ақ еңбек шарттары мен корпоративтік әдеп және комплаенс кодексі негізінде өз қызметкерлеріне тең еңбек үшін тең ақы төлеуге, сондай-ақ қандай да бір кемсітусіз тең өндірістік-тұрмыстық жағдайларға кепілдік береді.

Осы мәлімдеме көпшілікке қолжетімді болып табылады, «YМЗ» АҚ персоналдың, тантал шикізатын жеткізушілердің және дайын өнімді тұтынушылардың назарына жеткізіледі.

Басқарма Төрағасы

С. Бежецкий



Аударған: Д. Молдаханова

